



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

«Болашақ» стипендиясына құжат қабылдау басталды

Биыл алғаш рет «Болашақ» халықаралық стипендиясына және «500 ғалым» тағылымдамасына құжат қабылдау үздіксіз жүргізіледі.

2024 жылы құжат қабылдау рәсімі 29 сәуірде басталып, 25 қазанда аяқталады. Іріктеу 10 мамырдан 30 қарашаға дейін жүргізіледі.

стипендия магистратура және резидентураға, 50 стипендия докторантураға, 110 стипендия тағылымдамадан өтуге бөлінді.

Басым мамандықтар тізбесі орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өтінімі, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен жоспары бойын-



«Болашақ» стипендиясына құжаттар eGov.kz. порталы арқылы қабылданады, ал «500 ғалым» тағылымдамасы бойынша өтінімдер алғаш рет bolashak.gov.kz-тегі «Үміткердің жеке кабинеті» бөлімінде онлайн жүргізіледі. Басымдық инженерлік-техникалық және медициналық мамандықтарға беріледі, - деп жазылған хабарламада.

Биыл «Болашақ» бағдарламасына 555 стипендия бөлінді. Оның ішінде 395

ша қалыптастырылды.

Сондай-ақ «500 ғалым» бағдарламасы қазақстандық ғалымдарға әлемнің беделді университеттерінде біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Жыл сайын аталған бағдарламаға 500 стипендия бөлінеді.

Үміткерлерге қойылатын талаптарды, басымдық берілетін мамандықтар тізбесін, университеттер мен ғылыми орталықтардың тізімін bolashak.gov.kz сайтынан көруге болады.



Президент Саха Республикасының басшысы Айсен Николаевты қабылдады

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Саха (Якутия) Республикасының сан қырлы байланыстары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

«Біз өзара қарым-қатынас пен ынтымақтастық перспективаларына зор ықыласпен қараймыз. Сіздің Республикаңызға, якут халқына деген құрметіміз ерекше. Қос халыққа ортақ дүниелер көп. Сізбен бірге құрамында іскерлік топтар мен мәдениет өкілдері бар үлкен делегация келгенін айрықша атап өткім келеді», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда Саха Республикасының күндерін өткізу бастамасын қолдады. Оның аясында мәдени және спорттық шаралар ұйымдастыру, Якутияның инвестициялық, туристік әлеуетін таныстыру жоспарланған.

Айсен Николаев көрсеткен сый-құрметі

үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Саха Республикасы мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың жандана түскенін жеткізді.

Сондай-ақ ол Қазақстан халқына қолдау көрсетіп, су тасқыны салдарынан туындаған барлық қиындықты тезірек еңсеруге тілектестік білдірді.

«Біз Қазақстанға Саха Республикасының күндерін өткізу мақсатында келдік. Астана мен Алматы қалаларында мәдени, спорттық, іскерлік бағытта көптеген шара ұйымдастыру жоспарланған», деді Айсен Николаев.

Кездесу барысында ауыл шаруашылығы, кен өндіру өнеркәсібі, цифрландыру және туризм салаларындағы ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Ресей екі елдің өңіраралық ықпалдастығын жан-жақты дамытуға баса мән беретіні атап өтілді.



Мемлекет басшысы Елена Рыбакинаны жеңісімен құттықтады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елена Рыбакинаны Штутгарт турниріндегі жеңісімен құттықтады.

«Елена Рыбакинаны Штутгартта өткен теннис турнирінің жеңімпазы атануымен құттықтаймын. Қазақстанның бірінші ракеткасы биылғы маусымда осымен үшінші турнирде жеңіске жетіп отыр. Бұл-үлкен жетістік. Даңқты теннисшімізге толағай табыс тілеймін!», деп жазды Мемлекет басшысы Instagram парақшасында.

«Созақ үні»-ақпарат.

Елдегі су тасқыны:

«Қазақстан халқына» қорына 2,54 млрд теңге түсті

19 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстандағы су тасқыны жағдайына бейжай қарамайтын ел азаматтары мен отандық компаниялардан 2,54 млрд теңге жиналды. Зардап шеккендерге қаражат жинау 30 сәуірге дейін жалғасады. Жиналған қаражат баспанасыз қалған отбасыларға үй тұрғызу жұмыстарына жұмсалады.

Мыңдаған азамат қызыл судан зардап шеккендерге мүмкіндігіне қарай қаражат жіберіп жатыр. Олардың қатарында Қазақстан азаматтары, шетелдіктер, шетелдік компаниялар бар. Кейбір азаматтардың көмегі 1 миллион теңгеге жетеді. Экономиканың әртүрлі салаларының көптеген ұйымдары бір күндік жалақыларын жіберді - бұл мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар, мемлекеттік және ұлттық компаниялар, жеке ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер.

«Құрылыс, келік және логистика секторларының компаниялары ірі мақсатты салымдар жасады: B&A Contractors SA, Mabco Construc-

tions S.A., Eastcomtrans, Ot-au-Stroy, KazVagonBuilding. «Қазақстан Халық банкі», «Достар» компаниясы, KBI Energy Group және басқалары 950 миллион теңге салған», делінген «Қазақстан халқына» қорының баспасөз қызметі ұсынған ақпаратта.

Осы тұста «Қазақстан халқына» қоры Мемлекет басшысының су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі бастамасын қолдаған азаматтарға алғыс білдірді.

«Қазақстан халқына» қоры Мемлекет басшысының су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі бастамасын қолдаған азаматтарға алғыс білдірді.

Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 18 – 19 сәуір күндері Жартытөбе, Құмкент, Шолаққорған ауылдық округтерінің және Таукент кентінің тұрғындарымен есепті кездесулерін өткізді

Жалпы 4 ауылдық округте өткен жиындарға 471 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, аудандық мәслихат депутаттары, қзқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 11 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, байланыс (интернет), жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Жартытөбе ауылдық округі Жергілікті бюджет есебінен 1,1 шақырым Бабата елдімекенінің көшесін жарықтандыруға қаржы қарастырып, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: жыл соңына дейін	А.Сатыбалды Е.Айдарбеков Д.Жүсіпов
1	Құмкент ауылдық округі Тасарық, Құмкент, Амангелді, Берденұлы көшелеріне көше жарықтарын жағу үшін жер телімдеріне мемлекеттік акт алу жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: 15.05.2024 жыл	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов Е.Балықбаев
2	Жергілікті бюджет есебінен 2,1 шақырым Абай көшесін жарықтандыруға қаржы қарастырып, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: жыл соңына дейін	А.Сатыбалды Е.Айдарбеков Е.Балықбаев
1	Таукент ауылдық округі Жергілікті бюджет есебінен 7 шақырым Тоқмағанбетов, Ш.Бекжанов, С.Тайшыұлы көшелерін, 6,2 шақырым І.Кеңесбаев, Жыныс ата көшелерін жарықтандыруға қаржы қарастырып, жарықтандыру жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: жыл соңына дейін	А.Сатыбалды Е.Айдарбеков Е.Дәулетбаев
1	Шолаққорған ауылдық округі Теріскей көшесі мен Ә.Молдағұлова көшесі қиылысындағы аялдаманы бұзу жұмыстарын жүргізу.	Мерзімі: 01.06.2024 жыл	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов Ә.Елібаев

ЖАЛПЫАУДАНЫҚ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



«Таза Қазақстан» Республикалық акциясы аясында Созақ ауданы бойынша барлық ауылдар мен елді-мекендерде жалпыхалықтық сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Сенбілікке барлық мекеме қызметкерлері, белсенді жастар мен ауыл тұрғындары жұмыла кірісті.

Көркейту-кеғалдандыру жұмыстарын өз бақылауына алған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында бөлінген секторлар мен көше бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандарды аралап, қосыша атқарылу керек жұмыстарды пысықтады.

Шолаққорған ауылының аумағында бөлінген 5 сектордың, яғни ондағы 144 көшеге жауапты етіп бекітілген мекеме басшылары мен сала орынбасарларына жұмысты ширатуды тапсырды. Сондай-ақ ендігі кезекте тазалыққа қатысты жүктелген тапсырмаларға салғырттық танытқан басшылардың мәселесі қаралатынын қатаң ескертті.

Сонымен қатар, акцияға көпшілікпен бірге атсалысуға арнайы келген облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев тазалық жұмыстарының барысымен танысып, шараға қолдау білдірді.

Айта кетейік, бүгінгі ұйым-

дастырылған сенбілікте мекеме қызметкерлері мен тұрғындар аялдамаларды қалпына келтіру, күл-қоқыс шығару, тазалау сынды жұмыстарды жүргізді. Сондай-ақ тұрғын үйлердің алаңындағы қоршауларды ретке келтіріп, қасбеттері мен көше бойындағы электр бағаналарын сырлап, су өткелдері мен арық бойларын тазалады.

Бұған қоса, Түркістан бағытына шығар жолдың бойындағы «Жасыл белдеу» аумағын арнайы шарбақтармен қоршап, тал көшеттері суарылды. Бүгінгі таңда аумағы артқан «Жасыл белдеудің» көлемі 5 шақырымды құрап, қоршауына 7500 метр-ден астам шарбақ тартылды. Қоршау жұмыстары әлі де жалғасуда.

Жалпы сенбілікке 1450 адам мен 18 арнайы техника жұмылдырылды. 35 шақырым көше бойлары мен 22 шақырым аяқ жолдар ретке келтірілді. Өзен-көлдер мен арықтардың 32 шақырымы тазаланып, полигондарға сенбілік барысында 85 тонна қоқыс тасымалданды. Жоғарыда аталған жұмыстар легі алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИСЫНЫҢ ТИМДІЛІГІ

Созақ ауданының орталығы Шолаққорғанда ауыл шаруашылық бөлімінің ұйымдастыруымен «Су үнемдеу-өмірлік маңызы бар мәселе» тақырыбында семинар болып өтті. Семинарға аудан көлеміндегі шаруалар, кәсіпкерлер, тиісті мекеме өкілдері қатыстырылды. Мақсат-көктемгі шаруа жұмыстарын ширату, тиімді бағыт бағдар беру. Айта кету керек, бүгінгі таңда көктемгі жұмыстар, егістік алқаптарындағы дала еңбегі қызып тұр. Шаруалар егістік алқаптарын дайындап, алғашқы дәнді дақылдарын егу жұмыстарын бастап та кетті. Егістік алқаптың еңбек көрігін қыздыратын әрине техника, сонымен қатар су. Су тапшылығы шаруаның алдынан шығатын бірінші мәселе екені де сөзсіз. Осы орайда, кейінгі жылдары ауданымыздың шаруалары жаңбырлатып суару технологиясына мықтап назар аударуда. Бүгінгі уақытқа дейін аудан көлемінде 3 ірі шаруа бұл технологияны, яғни жаңбырлатып суару тәсілін қолданысқа енгізіп, тиімділігіне көз жеткізген. Сонымен аудан әкімінің ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Қ.Мейрманов және тиісті мамандар жаңбырлатып суару тәсілдерінің тиімділігі жөнінде шаруаларға тиянақты түсіндіріп, аталған технологияның техникаларын, жабдықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін баяндады. Қайырбек Мейрманов мемлекет тарапынан шаруаларға қарастырылған жеңілдіктерге ерекше тоқталып өтті. Мемлекеттен субсидиялау әдісінің бағыттарын жіті түсіндірді. Сонымен су үнемдеу технологияларына жататын, тамшылатып суару, жаңбырлатып суару—яғни айналмалы, фронталды, барабанды сондай ақ, тез жиналмалы жаңбырлатып суару тәсілдері кеңінен сөз болды. Шаруалар қызығушылық танытып отырғандарын жасырмады. Сұрақтар қойылып, пікір



алмасты. Аудан басшысы М.Тұрысбеков шаруалармен ашық пікір алмасып, жаңбырлатып суару технологиясының тиімділігін, аталған техникаларға қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңінен атап өтті. Шаруалар назарына айтып өткен жөн болар, инвестициялық субсидиялау арқылы су үнемдеу технологияларға қол жеткізген жағдайда инфрақұрылымға мыналар жатады. Су алу құрылғысы немесе ұңғыма, сорғы станциясы, магистралдық құбыр немесе канал, тарату желілері, тәуліктік немесе онкүндік реттеу бассейні (қажет болған жағдайда), электр желісі, трансформаторлық қосалқы станция. Яғни, су үнемдейтін суару технологияларын су алу және беру инфрақұрылым шығындарын өтеуге жол берілмейді. Егер инвестициялық жоба тек ұңғыма бұрғылауды ғана көздесе, онда бір қума метр үшін ең жоғарғы рұқсат етілген құны 150 000 теңгені құрайды. Ұңғыма қазудың өтеу үлесін 80 пайызға дейін ұлғайтуға жол беріледі. Енді, аталған су үнемдеу техникаларын сатып алып, технологияны шаруасына енгізем деген шаруаларға Түркістан қаласында орналасқан ВНК компаниясының өкілі өз қызметтерін ұсынуға дайын екен назарға қойды. Аталған фирма өкілі өздері құрап, жасап жатқан техникаларының сапасы мен қуаты жайлы айтып өтті.

Бұл болып өткен семинар, шаруаларға ыңғайлы әрі тиімді мүмкіндіктер береді деп күтеміз.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге қаншалықты дайынбыз?

Созақ ауданы бойынша ағымдағы оқу жылы мыңға жуық оқушы жалпы мектеп табалдырығынан түлеп ұшқалы тұр. Ал, дәстүрлі ұлттық бірыңғай тестілеуге бүгінгі күннің есебімен жобамен сегіз жүзге жуық оқушы ниет білдіріп отыр.

«2023-2024 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер бүгінгі күнге дейін екі рет ақылы



негізде оқуға түсуге арналған ҰБТ тапсырды, 2023-2024 жылғы ҰБТ-да тестілеу форматы өзгеріссіз қалды деп отыр ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы Түркістан облысы Шолаққорған ауылындағы филиал басшысы Абдиева Аққайың Жарылқасынқызы. Сонымен қатар, Қазақстан тарихы бойынша тестілеуге қатысушылар 20 тапсырманы, оқу сауаттылығы – 10, математикалық сауаттылық – 10 және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырманы орындайды. Барлығы-120 сұрақ. Ең жоғары балл-140. Шекті бал оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан-3 балл, Қазақстан тарихы және бейіндік пәннен 5 балл. Тестілеудің жалпы уақыты – 4 сағат (240 минут). Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минуттық уақыт сақталады. Сонымен қатар, дистракторлар саны азайды (жауап нұсқалары). Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында (үш дұрыс жауаптан көп емес) сегізден алтыға дейін азайтылды» деп сөзін нақтылады тест орталығының басшысы.

Қаңтардағы ҰБТ - дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырған және тапсыра береді.

Қаңтар, наурыз және тамыз айларындағы ҰБТ-да әртүрлі бейімдік пән комбинациясын таңдауға мүмкіндік болған. Ал негізгі ҰБТ-ны тапсыруға берілген екі мүмкіндікте де бір бейіндік пәндер комбинациясын таңдау мүмкіндігі бар.

Қаңтар айындағы ҰБТ -Өтініштерді қабылдау ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында 20 желтоқсаннан 6 қаңтарға дейін жүргізілген. ҰБТ 10 қаңтар - 10 ақпан аралығында өткізілген. Ауданымыздың тестілеуге қатысуға өтініш берген бітірушілердің 697 тестіленуші ҰБТ тапсырған. ҰБТ өз деңгейінде ережеге сәйкес, өткізілген. Оқушылардың дайындығы тест орталығының мәлімдеуінші жаман емес. Білім көрсеткіштері де қуантарлық, жоғары жинаған тестіленушілеріміз де байқалған.

Наурыз айындағы ҰБТ-ға өтініштер қабылдау мерзімі 20 ақпан мен 10 наурыз аралығында жүргізілген. Ұлттық бірыңғай тестілеу 5-29 наурыз аралығында өткізілген. Аудан бойынша бітіруші түлектер тарапынан 487 оқушы өтініш білдіріп, 467 оқушы тестілеуге нақты қатысқан. Жиырма оқушы түрлі себеппен тестілеуге қатыспаған.

Оқу жылының аяқталуына санаулы уақыттар қалды. Мамыр шілде аралығындағы өткізілетін Ұлттық бірыңғай тестілеуге өтініш беруге аз уақыт қалғандығын бітіруші түлектердің назарына сала отырып, бітіруші түлектеріміз дайындық деңгейлерін күшейтін, одан да жақсы көрсеткіштерге жетуіне тілектеспіз. Сәттілік бітіруші түлектер.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Оқырмандарымыз оқып-біліп отырғандарындай, ауданымыздың әкімі Мұхит Тұрысбековтың өңірлерге барып, халықпен кездесіп, есеп беру жиындары басталып кетті. Бұл Созақ ауданының сайланбалы әкімі ретінде Мұхит Сексенбайұлының өзіне сенім білдіріп, сайлаған сайлаушыларымен алғашқы кездесуі, 6 айлық есебі. Әрине, аудан әкімі өңірлерге барып халықпен кездескен соң, ол кісіменен бірге тиісті бөлім және мекеме басшыларының баруы да заңдылық. Міне, сол әкім бастаған топпенен ауыл-ауылдарға барып, ел алдындағы есептен материал дай-



лып, жергілікті тұрғындар жеке шаруаларымен кіріп жатты. Ә, айқандай аудан әкімі алдағы уақыттарда Жартытөбе ауыл әкімдігін «Үлгілі ауыл» етуді жоспарлап жүргенін де жергілікті жұртшылықтан жасырмады, жариялады.

Аудан әкімінің бұл күнгі есебі Құмкент жерінде жалғасты

Мұнан соң аудан әкімінің халықпен кездесуі Құмкент ауылының мәдениет үйінде өтті. Бұл кездесуге де Құмкент ауылының, Қызылкөл және Қызылқанат елді мекендерінің халқы көбірек жиналыпты. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы мұнда да әдеттегі

Аудан әкімі халықпен кездесіп, 6 айлық есебін беруде

ындап, аудандық «Созақ үні» газетінің кезекті сандары арқылы халқымызды хабардар етіп отыру біздің, журналистердің де мойнының борышындай боп қалған. Осы ретте, менің мойныма Құмкент пенен Жартытөбе ауылдарында және ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауыл әкімдігінде өтетін аудан әкімінің халықпен кездесуінен хабар тарату бұйырыпты.

Сонымен, сәуір айының 18 күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бастаған топпенен әуелі Жартытөбе ауыл әкімдігін бетке алып, жолға шығатын болғанбыз. Алайда, аудан әкімінің баспасөз хатшысының айтуынша Мұхит Сексенбайұлы әуелі Шолаққорғандағы Асқар

Жартытөбедегі есеп беру жиыны

Асқар Сүлейменов мектебінен шыққан соң аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы бірден Жартытөбе ауыл әкімдігіне жол тартты. Біз барғанымызда Жартытөбе ауылының мәдениет үйі жергілікті жұртшылыққа толы еді. Тиісті бөлім және мекеме басшылары да алдын-ала барып, аудан әкімінің келуін күтуде екен. Онсыз да бесон минут кешігіп барған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы жиылған халықпен жылы амандасып алдындағы бірден өткен 6 айда аудан әкімдігінің атқарған жұмыстары жайлы есебіне кірісіп кетті. Есептен соң Мұхит Тұрысбеков Жар-

үрдісінен жаңылмады, әуелі алдыңғы 6 айдың есебін беріп, артында алдағы 6 айда атқарылатын жұмыс жоспарларымен жергілікті жұртшылықпен бөлісті. Жалпы, жылы бұлақтың суын алғаш рет ауыз су ретінде пайдаланғалы отырған жұрттың Жартытөбеліктерге қарағанда түйіні шешілмеген түйткілді мәселері көп екен. Аудан әкімі қызметіне келгеніне екі жылдан асқан Мұхит Тұрысбеков бұл ауыл әкімдігінің де өзекті мәселелерінен хабардар екенін, тіпті жаттап та алғанын көрсетті. Сол себепті де бұл жолы Баба Түкті Шашты Әзиз жатқан жұртқа үлкен дайындықпен, әлгі түйіні шешілмей келген түйткілді тірліктердің түйінін шеше келіпті. Сондай түйткілді мәселелердің басында Құмкент-Шолаққорған бағытындағы асфальт жол бар еді. Мұхит Сексенбайұлы таяуда ғана облыс әкімінің қабылдауында болған жарты сағаттық жүздесуінде ауданымыз үшін маңызды мәселелердің қатарында нақ осы жолдың қаржысын қойдырып, жұмысын жүретін ғып, шегелеп келіпті. Тіпті, мұны жанындағы бөлім басшыларына мойындатып та алды. Мұнан бөлек, Құмкент ауыл әкімдігіне қарасты бірер көшенің жарықтары менен жолының және ауыз суларының мәселесі шешілетіндігімен ауыл халқының сүйіншілеп те алды. Сүйіншіленген істердің ішінде бұған дейін мемлекеттің «Тірек ауыл» жобасына енген ауылдарына көңіл бөлуді азайтып қырап, ендігі жерде бұл жобаға енбей қалған «Жол серіктік ауылдар» (спутниктік) ға көбірек көңіл бөлінетінін жеткізді. Жалпы, Құмкент ауылының бірнеше көшелерінің жарығына да аудандық бюджеттен қаржы қаралып, жұмыстары жүргіліп қойылған көрінеді. Тек, жергілікті әкімшілік пенен тиісті бөлім және мекеме қызметкерлерінің арасында қажетті байланыс орнамағандықтан, жарық күні бүгінге дейін жарытып жанбаған екен. Мұның бәрін халықтан естіп білген әкімі Құмкент ауыл әкімдігі менен тиісті бөлім және мекемелердің басшыларын тұрғызып қойып, қатты сөкті. Жиын соңында жергілікті жұртшылық, ауыл белсенділері Құмкент ауыл әкімдігіне қарасты барлық өзекті мәселелер жайлы сауалдарын беріп, нақты жауаптарын алды. Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы сөз соңында: «Міне, ағайын! Осылай бірі-бірімізбен әркез ашық әңгімелесейік! Егер, түйіні шешілмеген түйткілді мәселе бола тұра айтпай қалсаңыздар, мына тұра жарық мәселесі сияқты 4 жыл бойы түйіні шешілмей жүре берсіздер. Айтылмай қалса сіздерге сын, істелмей қалса бізге сын» дегендей болды. Құмкент халқы да бұл жолғы жиынға разы болып, ауыл қариялары аудан әкімінің есебіне оң бағаларын беріп жатты.

Данияр БЕК.



Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебіне соғатын болыпты. Мен де мектепке барып, директоры Әуесхан Сағындықовқа жолыққанда бірақ білдім, бұл білім ордасы былтырғы жылы ғана «Қазақстан халқына» қорының «Ауылдық тірек мектептердің әлеуетін арттыру» жобасына енген болатын. Осы жоба аясында 2023 жылдың 3 тамызында қаржы төлеуші «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры, оператор «Білім беруді тұрақты дамыту» қоғамдық қоры, тауарды жеткізуші «EdTech Innovation» ЖШС мен қабылдап алушы «Асқар Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің арасында №11-02-6-23 санды жалпы құны 250 млн теңгені құрайтын екі жақты келісімшартқа қол қойылған болатын. Содан, былтырғы жылдың Қараша айынан бастап келісім шартта көрсетілген тауарлар мектепке жеткізіліп, жоспарланған жұмыстар жүріп те кеткен. Міне, сол жұмыстар соңына жетіп, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков те ізгі іс шараның аяқталуына орай, мектеп әкімшілігінің шақыртуымен барған еді.

тытөбе ауыл әкімдігіне қарасты Жартытөбе, Аққолтық пенен Баба-та ауылдарынан келген халықпен алдағы 6 айда атқарылатын жұмыс жоспарларымен бөлісті. Менің байқағаным, Жартытөбе ауыл әкімдігінде бірлі-жарым жұмыстар болмаса, ауыз толтырып айтарлықтай түйткілді мәселе қалмапты. Әрине, бұл енді Жартытөбе ауылы әкімдігінің бір кездергі «Тірек Ауыл» жобасына ілігіп, сапалы ауыз су, жоба аясында жарық пенен жолдан басталып, мектеп, бала-бақша, балалар ойын алаңы, интернет сынды барша игіліктерменен қажетті деңгейде қамтылып қойғанынан болып отыр. Сол себепті де жиылған жұртшылықтың жиын соңынан аудан әкіміне қояр сауалы менен ұсыныс-пікірлері мүлдем болмады. Тек, ауыл қариялары аудан әкімінің өткен 6 айдағы есебіне оң баға, алдағы 6 айда атқаратын жұмыстарына да ақ бата беруден жиынды қорытындылады. Әрине, жалпы Жартытөбе ауыл әкімдігінде барша мәселелер шешіліп қойылыпты дегенмен жеке азаматтардың жұмысы таусылуы ма еді. Осы ретте, жиын соңынан аудан әкімінің жеке қабылдауы бо-



Тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік

Жақында Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының 2024 жылғы 18 наурыздағы №318 хатына сәйкес 29 наурыз бен 03 сәуір аралығында «Педагогтің кәсіби құзыреттілігі-білім сапасын арттырудың негізгі факторы» тақырыбында мектепке дейінгі және мектепалды сынып тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған онкүндік аясында «Бастауыш сыныптарда оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша негізгі тақырыптарды меңгертуге бағытталған жұмыстарының жүргізілуі» тақырыбында облыстық тәжірибелік семинар болып өтті.

Семинардың мақсаты бастауыш сыныпта функционалды сауаттылыққа үйрету, оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша негізгі тақырыптарды меңгертуге бағытталған жұмыстарының жүргізілуі тәжірибесімен бөлісу, бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылығын насихаттау мен өзара тәжірибе алмасу болды.

Семинарға Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының бастауыш сыныптар әдіскері Жолдасбекова Жайна, Түркістан қаласы білім бөлімінің әдіскері Рахметова Рыжан, Бәйдібек ауданы білім бөлімінің әдіскері Жарықбасова Салтанат пен бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Семинарға келушілерді мектептің оқушылар домбырашы-

лар тобы күмбірлі күймен, өлкеміздің әнұраны іспеттес қалыптасқан «Теріскей» әнімен музыка пәнінің мұғалімі Шалабаева Гүлбанудың орындауында әсем әуенмен қарсы алды. Мектептің бірінші қабатында роботтар алаңы, бастауыш сынып оқушыларының қолөнер көрмесі, шығармашыл ұстаздар портфолиосы көрмесі ұйымдастырылды.

Екінші қабатта «Жаңа Қазақстанның жалынды ұстазы» тақырыбында педагогтардың басылымдарда жарық көрген тәжірибелері мен «Жаңаша ойлар жас ұрпақ» тақырыбында оқушылардың көрмесі, «Ғылымға қаат қағамыз» оқушылардың ғылыми жұмысын қорғау алаңы, «Әр мәтінде бір мән бар» шығармашылық жұмыстары қойылды.

Семинарды мектеп директоры М.Байс ашып, Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының бастауыш сыныптар әдіскері Жолдасбекова Жайна семинарға қатысушыларға сәттілік тіледі. «Бастауышта функционалды сауаттылыққа үйрету» тақырыбында бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасар Ж.Бекпенбетов баяндама жасады. Семинар барысы 4 сыныпты мұғалімі, педагог-зерттеуші И.Хасенованың «Логикалық есептердің көмегімен бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру» тақырыбындағы ықшам сабақ, 2 сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші Ж. Жүнісбекованың «Қазақ тілінен функционалды сауаттылықты

қалыптастырудағы мәтінмен жұмыстың маңызы» тақырыбындағы шебер сынып, 3 сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші Б.Науанованың «Бастауыш сыныптарда жаратылыстану пәні бойынша тәжірибелік жұмыстардың жүргізілуі барысы» тақырыбында бойынша тәжірибелік жұмыстардың жүргізілуі барысы» тақырыбында тәжірибелік дәріс және 1 сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші А.Бекішованың «Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығы бойынша негізгі тақырыптарды меңгертуге бағытталған жұмыстарының жүргізілуі» тақырыбындағы шебер сыныпқа ұласып, семинарға келген ұстаздармен өзара тәжірибелерін бөлісті.

Бірінші санатты бастауыш сыныптар жөніндегі директордың орынбасары, педагог-шебер Ж.Бекпенбетов семинарға қатысушы барлық мұғалімдермен «Бастауыш сыныптарда білім сапасын арттыру барысында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбында кәсіби әңгіме коучинг өткізді.

Семинар соңы бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдастырылған «Бақытты балалық үні» сазды бағдарламамен аяқталды.

Семинарға қатысқан әдіскерлер мен әріптестер өз оң пікірлерін білдіріп, мол тәжірибе алмасқандығымен бөлісті.

Г.БАБАЕВА,
Бастауыш сыныптар
жөніндегі орынбасар.

Ынтымақ ырысқа көш бастайды

Ұстазға құрмет-болашаққа құрмет. Ұлттың болашағының жарқын, келешегінің кемел болуы үшін сапалы білім мен тәлім-тәрбиенің дұрыс берілуі маңызды роль атқарады. Ол құдірет ұстаздың ғана қолында. Өскелең ұрпақты бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше екендігі баршамызға аян. Саналы ғұмырын ұстаздық жолына арнаған ардагер ұстаздардың өмір жолын, үлгі-өнегесін насихаттау мақсатында аудан мектептерінің дәрісханаларына өзі қызмет еткен мектептерінде ұзақ жылдар жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздардың есімі ұлықталып тұрады. Осы игі істің жалғасы ретінде қазақ халқының батыр



қызы Әлия Молдағұлова атындағы мектебінде жалғасты. Күні кеше осы мектепте «Көргені жақсы көш бастайды» атты салтанатты жиын болып өтті. Ардагер ұстаздар, өмірден өткен ұстаздардың ұрпақтары, отбасы арнайы шақырылыпты.

Аталмыш шарада мектептің бірқатар дәрісханаларына саналы ғұмырын ұстаздық жолына арнаған, сонау 1970- жылдардан бастап мектепте ұзақ жылдар жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздардың есімі берілді. Атап айтар болсақ, ардагер ұстаздар Жүнісбеков Төрегелдінің атына мұғалімдер бөлмесі, Оралбеков Тілектің атына математика кабинеті, Бекқұлиева Гаухардың атына қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, Сауранбаев Әбдештің атына қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті, Әбішова Жанаттың атына тарих кабинеті, Жұмашева Айманкүлдің атына химия кабинеті, Айдарбекова Бегайымның атына математика кабинеті, Сұлтанбеков Қуаттың атына биология кабинеті берілді. Айтулы шарада мектеп ұстаздары, оқушылар әннен шашу шашып, би билесе, қонақтар ардагер ұстаздар жайлы қызықты естелік әңгемелер айтты. Т.Бекқұлиев, Р.Отыншиева, А.Егізбаев, Г.Бекқұлиев, А.Жұмашова сияқты кеш қонақтары өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Жиын соңында өмірден озған ұстаздардың рухына арнап ас беріліп, құран бағышталды. Осы тұста мектеп директоры Сәкен Шардарбековтің ұйымдастыру шеберлігі, ұжымның ынтымағы мен ауызбіршілігі ауданның кейбір мектептеріне орасан үлгі боларлықтай дәрежеде екенін айта кеткенім жөн.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде 2024 жылдың 12 сәуір күні геолог-ғалым, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні және туғанына 125 толуына орай 8-9 сыныптарға «Қазақтың Қанышы» атты танымдық сағаты өткізілді. Танымдық сағатын ұйымдастырып өткізген директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, география пәнінің мұғалімі Қайдакешов Төлеген Өзгелдіұлы.

Танымдық сағатына 8-9 сынып оқушылары және тарих пәні мұғалімі Л.Ескендірова, география пәні мұғалімі М.Сағындықова қатысты.

Сабақ барысында Т.Қайдакешов бүгінгі танымдық

Танымдық сағаты өтті



сағатының мақсатын және Қаныш Сәтбаевтың отбасылық өмірі туралы түсіндірді.

Қаныш Сәтбаевтың еңбек жолында атқарған қызметтері туралы және ғылымға, өнерге, мәдениетке қосқан елеулі үлестері туралы танымдық сағаты барысында 9 сынып оқушылары Мақсұт Таңат, Есімқызы Аружан және 8 сынып оқушысы Ермеқызы Назгауһар көңінен түсін-

діріп өтті.

Сабақты қорытындылау барысында Қаныш Сәтбаев туралы бейнебаян көрсетілімі жүргізіліп, оқушыларға сұрақтар беріліп, кері байланыс жүргізілді және өтілген сабақ бойынша ұстаздар мен оқушылар жақсы пікірлерін айтып өтті. Т.Қайдакешов бүгінгі танымдық сағатына қатысқан ұстаздарға, оқушыларға және сабақты өту барысында белсенділік танытқан оқушыларға алғысын білдірді.

Төлеген ҚАЙДАКЕШОВ,
Н.Төреқұлов атындағы
ІТ мектеп-лицейі дирек-
торының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары,
география пәнінің
мұғалімі.

«Таза Қазақстан»



Серіктестіктің сауапты ісі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында 15-20 сәуір аралығында осы акцияның «Киелі мекен» апталығы бойынша өңірде тарихи-мәдени ескерткіштерді абаттандыру жұмыстары өтуде. Аудан көлеміндегі мәдени-көпшілік, әлеуметтік, қайырымдылық шаралары мен игі бастамаларға, белсенді араласып жүретін «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бұл игі бастамалардан шет қалмады. «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Жансугуров Даурен Орашовичтің ұйымдастыруымен Созақ өңіріндегі киелі орындардың бірі «Саумалбай» кесенесі аумағында тазалық жұмыстары жүргізілді. Тазалық акциясы аясында кеніш қызметкері жұмысшылары кесене маңайындағы қоқыстарды теріп, ретке келтіріп, айналасын тырмалап күні бойы белсенді жұмыс жасады. «Саумалбай» кесенесі туралы не білеміз?

Қарағұрлық шежіреші, көненің көзін көрген, ардагер ұстаз Төребек Тұрғанбекұлынан сұрағанда ол кісі былай деді: «Бұл екі кесенеден тұрады. Бұл кесенелердің нақты салынған жылы белгісіз, ертеректе салынған мазарат. Біріншісі кіші жүз Алшынның Мәлібек атасынан тараған Саумалбай деген кісінің, екіншісі алшынның Жолберді деген ұрпағының кесенесі. Олардың тұқымы Келес өңірінде тұрады. Ол заманда ондай күрделі зәулім, күйдірілген кірпіштен тұрғызу үшін ең кемі 3-4 мың жылқысы, не болмаса келе-келе түйесі көп бай болуы керек. Ал ондай дәулет, соңғы 2-3 ғасырда Қаратау еліне болмаған. Тек Абақ баласы Дайырбекте 3 мың жылқы болған, Биәлінің Құлданымда төрт түлік, сауда т.б дүние болған. Бірақ олар ондай құрылыс салмаған. Саумалбай Алшын руының беделді адамы болған.

Оның ұрпағы саналатын Бейсенбі деген 1918 жылы туылған кісі Келес өңірінен көшіп келіп, Қаратау ауылында тұрған. Олардың тип тұқияны негізі

Ақтөбе облысы аумағынан болса керек. Ол уақытта Қаратау совхозында Б.Әбдіраманов совхоз директоры болып тұрған. 1962 жылдары Келес ауданынан көшіп келген Бейсенбі сол кезде Бақырлы ауылының молдасы болған діндар кісі екен. Сол кісі кесененің маңайына егіс, тал егеміз совхоздан жер жыртып трактор сұрап алыпты. Олар 1962-82 жылдары арасында Қаратауда 20 жылдай отырып, қайыра көшіп кетеді. Қазір ауылда сол алшын руынан қалған екі-үш үй алшындар қалған. 1945 жылы туылған Абай деген ұрпақтары болды. Олар менің әкем Тұрғанбекпен сыйлас болып араласып тұрды. Әрі бізге нағашылық жағы да бар болатын. Кейін ауылдың азаматы кесенемен фамилиялас Саумалбаев Мұқаш деген азамат кесене маңайына қара талдың көшеттерін отырғызды.

Қарағұрдағы Қозыкеевтердің бабасы Саумалбайдың бұл Саумалбайға қатысы жоқ. Кейінгі Саумалбайдың келіні мен әйелі Қарашеңгелдегі Темірәлі мазараты жанында жерленген. Жұрт екі Саумалбайды шатастырмауы керек. Екінші көлемі кішілеу кесенені алшын Жолбердінің кесенесі дедік ғой. Ол академик Ісмет Кеңесбаевтардың бабасы.

Оның басына үй, салып, тал тіккен Мұқан Қозықов (Әлдекей) ағамыз. -дейді Төребек ақсақал.

Қалай десекте, Созақ аумағындағы тазалық жұмыстарына атсалысу баршымыздың азаматтық борышымыз.

-Біз бұл «Тазалық» акциясын қызу қолдай отырып серіктестік бас директоры Даурен Орашұлының бастамасымен кесене аумағын ретке келтірдік. Кеніштің жұмысшы, қызметкерлері тазалық барысында аянбай тер төгіп, өздерінің азаматтық парыздарын өтеді.

Сондай-ақ, алдағы уақытта да кесене аумағын өз бақылауымызда болады. қазақы дәстүрмен алдымен әруақтар рухына құран бағыштап рухына тағзым еттік,-дейді кеніш директоры Генжебаев Мухит Абдилазизұлы.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Жағымды жаңалық

НАУҚАСТАР ҚАЛАҒА
САБЫЛМАЙТЫН БОЛДЫ

Осыдан бірнеше жылдар бұрын аудандық орталық аурухананың хирургия бөлімінде 8 травматологиялық төсек орын болып аудан тұрғындарының ішінде аяқ, қол жарақатын алған, сынған, шыққан азаматтар ем алып сауығып шығатын. Осы соңғы үш-төрт жылдың көлемінде травматологиялық төсек орынға арнайы медициналық құрал жабдықтардың

аяқ жілігінің басы сынып кетіп, Шымкент қаласындағы травматология бөліміне біршама уақыт жаттым. Өзім сонау ауданымыздың түкпірі Қыземшек кентінде тұрамын. Өндірісте ұзақ жылдар еңбек еткен зейнеткермін. Науқас адамға Шымкент, Түркістан қалаларына барып ұзақ жол жүру машақаты да оңай емес. Тіземнің күлшесі сынып кетіп, аудан орталығын-



болмауы, ескіруіне байланысты жарақат алған науқастарды қабылдап, 3-4 күн жатқызып, организм орнына келгенше емдеп, сосын жарақаттың ауыр-жеңілдігіне Шымкент, Түркістан қалаларына жөнелтетін.

Осы жағдайды ескерген орталық аурухана басшылығы хирургия бөлімінің дәрігері Асылбек Ерзатты арнайы Алматы қаласындағы №7 қалалық ауруханаға бір айлық курсқа оқуға жіберген еді. Ерзат заманауи құрылғылармен, соңғы емдеу тәсілдері төңірегінде білікті мамандармен тың тәжірибелер алмасып, жаңа емдеу құрылғыларының жұмыс жасау жолдарымен танысып оқып, білімін көтеріп келді. Сонымен қатар, аудандық орталық аурухана өз бюджетінен қаржы бөліп травматологиялық төсек орындарға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті. Кешелі бері, яғни сәуір айының 17 жұлдызынан бастап 5 адамға ота жасалып, сәтті өтті. Ендігі сәтте аудан тұрғындары бұрынғыдай Түркістан, Шымкент қалаларына аяқ артып сандалмайтын болды.

-Мен, осыдан үш жыл бұрын

дағы орталық ауруханада травматологиялық төсек орын ашылды, жаңа құрал жабдықтар келіпті деген соң кеше келіп осында орналастым. Бүгін тіземе осындағы Қасымқұлов Бижігіт, Асылбеков Ерзат, Бектаев Мұрат есімді білікті мамандар ота жасады. Жағдайым жақсы, аудандық орталық аурухана басшылығына, оташы дәрігерлерге алғысым шексіз. Бәрінен бұрын ауданымызда аудан жұртшылығын өздері емдей беруге жасалғанына қуаныштымын,-дейді ем алушы Молласан Әкімбаев ағамыз.

-Біз кешелі бері 5 азаматқа ота жасалды. Қазір алтыншы науқасқа ота жасағалы отырмыз. Травматологиялық төсек орындар құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне байланысты біздің хирургия бөлімінде ендігі кезекте аяқ, қолы сынған, бұғанасы сынған, тізе тобығы сынған, шыққан, қабырға жарақаттарын алған науқастарға ота жасау мүмкіндігі бар. Сол себепті, азаматтар кешегі күннен бастап өзге аудан, қалаларға жүгірмейді,-дейді хирургия бөлімінің басшысы Бижігіт Жеңісұлы.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

МӘМС шеңберінде ота жасалды

МӘМС жүйесі бойынша жұмыс жасайтын Созақ аудандық орталық ауруханасына Дүрменов Бақытжан 1967 жылғы Диагнозы: Созылмалы өт тас ауруымен аудандық аурухана хирургия бөліміне жатқызылды. Қажетті диагностикалық шаралар орындалып, науқастың келісімімен 16 сәуір күні ла-

пароскопиялық холецистэктомия жоспарлы ота жасалынды. Өт жолы және әртүрлі көлемдегі бірнеше тастар алынды. Ота сәтті өтті. Қазіргі таңда науқас палатаға шығарылды, жағдайы жақсы, қажетті емдік іс-шаралар қабылдап жатыр.

Айта кетерлігі, бір отаның құны 229 мың теңгені құрай-

ды. Өткен жылдың 12 ай көлемінде 45 ота, 2024 жылы I-тоқсанында 12 ота сәтті жасалып, науқастар отбасыларына аман-есен оралды.

Тағы да аудан тұрғындарын қуантарлық жағдай аудандық ауруханамызда травматологиялық жарақаттар бойынша ота жасау қолға алынды. Білікті хирург дәрі-

герлеріміз Республика деңгейінде өз біліктіліктерін арттырып, аурухана қаражаты есебінен қажетті құрал-жабдықтар алынып, алғашқы ота 17 сәуірден басталды. Қазіргі таңға дейін травматологиялық 5 ота жасалынды. Барлығы сәтті өтті. Осы игі жақсы істердің бастауына септігін тигізген ау-

рухана басшысына және хирургия бөліміше меңгерушісі Қасымқұлов Бижігіт, хирург дәрігерлерімізге алғысымыз шексіз.

Ф.БАТЫРБЕКОВА,
Аудандық аурухананың профилактикалық және психо-әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі.



дақтай білді. Бұл ұлттық байлығымызға деген құрмет.

“Қазатомөнеркәсіп “ҰАК” АҚ кәсіпорындарының құрамына кіретін, уран өндіруші еншілес ұйым «Орталық» ӨК» ЖШС ұжымы Шолақорған кентінде өткен “Күміс кереге” байқауында “Үздік киіз үй” номинациясына ие болып, аудан әкімінің алғыс хаты «Орталық» ӨК» ЖШС-гі кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғабит Таңатовқа тапсырылды. Мемлекеттік мекемелер және квазимемлекеттік кәсіпорындары арасында айтулы шара жұртшылық ұзақ уақыт ұмытпай айта жүрердей кең көлемде өтті. Бұл халқымыздың мәдени мұрасы және дәстүрімізге деген мақтанш сезімін білдіретін әсерлі мәдени шара десек артық айтқандық емес.

Аудан әкімінің алғыс хатында: «Ұлыстың ұлы күні-На-

Ұлттық құндылығымыз ұлтымызға қызмет ете берсін

Сан ғасырлар көшпенділер легінде жүрген ата-бабамыз үшін киіз үй сән мен салтанаттың, қала берді тұрмыстыршіліктің өшпес құндылығына айналған дүние. Осы туырлықты киіз үйде қаншама асыл рухы ата-бабаларымыз дүниеге келді. Ғұмыр кешті. Төрт түлігін бағып, сайын дала төсінде жүріп салт-дәстүрімізді, ата салтымызды жоғалтпай өмір сүрді. Киіз үй-бұл ағаш пен киізден жасалған құрылым ғана емес, ол ұлттық сәулет пен руханияттың тірі үлгісі. Онда қонақжайлылық пен табиғаттың, тарихымызды дәріптеу мен құрметтеудің ғасырлық дәстүрлері қалыптасқан.

Ағаштан түйін түйген тума ланты, алтын қолды шеберлер жабдықтарынан бастап, сыртқы, ішкі дизайнының сәнін келтіре әлемде жоқ жаңалық тудырды. Біз -бүгінгі ұрпақ, өткен тарихымызды, бабалар салған ұлы жолдың соңы соқпақтарын ұмытпай дәріптеуіміз керек. Оларға қолдау жасап, мәдениетіміздің ұлық үрдісін келер ұрпаққа жеткізе білуіміз басты парызымыз. Осындай игілікті дәріптеген ауданымыз биылғы наурыз мерекесінде ұлықты бәйге жариялап мәдени шараға белсенді қатысқан мекемелерді, ұжымды, олардың басшыларын ұмытпай елеп ескеріп ма-

урыз мерекесіне орай ұйымдастырылған шарада ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, халықтың ыстық ықыласына бөленген «Орталық кен басқармасы ұжымы» «Күміс кереге», «Ең үздік сәулетті үй» аталымымен марапатталды» делінген.

Осылайша тек Наурыз мерекесінде ғана емес, ауданымызда өтетін түрлі мәдени шарларда асылдың сынығындай болған, ұлы мақтаншы киіз үйіміз сәні мен салтанатына сай есігін айқара аша берсін! Мерейлі мақтаншымыздың керегесі кең, шаңырағы шарықтай беруіне ниеттеспіз!

Тағылымды шара

Наурыз мейрамына орай «Ақбастау» БК» АҚ кәсіпорны Қарақұр ауылында Ұлыстың ұлы күніне «Наурыз – думан» көпшілік іс-шарасын өткізді. Ауыл халқы мерекені көтеріңкі көңіл күймен қарсы алды. Іс шараға өз тарапымыздан киіз үй тігіліп, ақ дастархан жайылды. Мереке барысында түрлі ұлттық дәстүрімізді дәріптейтін мәдени іс шаралар ұйымдастырылды. Тамыры терең кеткен халқымыздың болмысы, ырысы мен бірлігі өнері мен мәдениеті ұлықталды. Наурыз



мерекесіне ауыл тұрғындарына дастархан жайылып ауызашар берілді. «Ақбастау» БК» АҚ бас директоры А.Ж.Жунисов мырза Қарақұр ауылын ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз мейрамымен құттықтады. Аталмыш шараға аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев арнайы келіп, қатысты. Мерекелік шараны өткізуге атсалысқан өндіріс басшылығы мен ұжымына Қарақұр ауылының тұрғындары ризашылығын айтып, қариялар ақ батасын берді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Еске алу кеші өткізілді

Көктемнің шуақты күндері ерекше нұрын төгіп, айнала жасыл желекке бөленді. Адамдардың жүзінен де жылылық нұры еседі.

Осындай әдемі көктемнің сәті жұма күні аудан орталығындағы С.Қожанов атындағы өлкетану музейінде та-

Журналистер одағының мүшесі, шәкірті Байділда Айдарбеков Дулат ағаның қамқорлығы, жазушылық пайымы, парасаты тұрасында шынайы жүрекжарды лебізін жеткізді.

Айтулы азаматты еске алуға арналған кешке қатысқан Дулат ағаның қызы Полина



рихшы, аудармашы, жазушы, ақын Созақ ауданының Құрметті азаматы Дулат Тұрантегі еске алуға арналған кеш болып өтті. Кешті ақын, аудармашы, Қазақстан Республикасы Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Гүлнар Өмірбек жүргізді. Кешті музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек ашып, Дулат ағамыз жайлы естелік айтты. Мұнан кейін сөзді Түркістан облысы және Созақ ауданының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков алып Дулат Тұрантегі туралы, сондай-ақ, С.Қожанов музейінің ашылу тарихы жайлы жастар фибрат аларлық әңгімелерін ортаға салды.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ақын, аудармашы, ауданға еңбегі сіңген азаматтың өмірбаяны мен шығармашылық еңбектеріне тоқталды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов бірге қызмет еткен жылдардағы естеліктерімен бөлісті.

Ақын, жазушы, Қазақстан

мен ұлы Бауыржан жиналған көпшілікке алғыстарын айтты.

Үстіміздегі жылы С.Қожанов атындағы өлкетану музейінің ашылып, жұмыс істей бастағанына 30 жыл болды. Дулат Тұрантегі ағамыз сол музейдің алғашқы директоры болған. Еске алу кеші сол музейдің ашылу күнімен сәйкес келді. «Ауылда жүрген академик» атанған Дулат Тұрантегі есімі зор құрметке лайық. Созақ елінің дамып-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, әр жылында, әр тарихи оқиғасында қолтаңбасы, айшықты ізі бар қаламгердің рухын биылғы мерейлі жылы-С.Қожановтың 130 жылдығы, С.Қожанов атындағы музейдің 30 жылдығына орай тағы бір ұлықтап, тағылымы мол ғұмырын өскелең ұрпаққа таныту, рухына құрмет білдіру еді еске алу кешінің мақсаты. Дулат ағаның есімі Созақ руханиятының, қазақ руханиятының көгінде мәңгі жарқырай берері анық.

Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Жыл басы жақсылықтармен басталды

“Аппақ” ЖШС-нің ұжымы әйгілі Қызылкөл көлінің жағасындағы шырайлы Құмкент ауылына арнайы келіп, ауыл әкімімен, ауылдың қарияларымен жүздесіп мерекелік шара өткізді.

Аудан әкімінің жергілікті халықпен кездесуінде өзекті мәселелердің бірі ретінде ар-

Аппақтықтар Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтап, ауыл жұртшылығына мерекелік дастархан жайып демеушілік етті.

Сонымен қатар, Наурыз мейрамында өтетін шараларға қаржылай демеушілік жасады. Ауыл әкімі Ерзат Балықбаев та қарап



найы шефтік көмек ретінде бір өндіріс орны нақты бекітіліп берілсе деген ұсыныс айтылған. Соған байланысты аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының өндіріс орындары басшыларымен кездесуінде “Аппақ” ЖШС мекемесінің Құмкент ауылына шефтік көмек беріп отыруы мақұлданды. Аталған жаңалықты ауыл халқы қуанышпен қарсы алып, зор үміт күткен.

қалмай ауыл жұртшылығы атынан өндіріс ұжымына елдің ризашылығын жеткізіп ауыл әкімі атынан алғыс хатпен марапаттады. Мерекелік шарада Құмкент ауылдық округінің тұрғындары атынан ауыл ақсақалдары ризашылықтарын білдіріп, бата берсе, Құмкент ауылдық округі әкімі “АППАК” ЖШС ұжымын алғыс хатпен марапаттады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

2024 жылғы қаңтар-наурызға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2024 жылғы Қаңтар-наурыз	2024 жылғы қаңтар- наурыз, 2023 жылғы қаңтар- наурызға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2024 жылғы 1 наурызға)	63 162	100,0
Туылғандар, адам	255	98,8
Өлгендер, адам	48	88,9
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	501	2,7 есе
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	733	2,5 есе
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2023 жылдың IV тоқсаны	18 763	103,4
Бір қызметкердің орташа айлық атуалы жалақысы, теңге 2023 жылдың IV тоқсаны	487 503	120,8
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	27 322,5	239,2
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	532 820	100,5
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	116 206	100,7
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	171 060 302	109,3
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	3 640,2	81,8
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	3 640,2	103,1
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	5 260	100,1
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	513 185,6	153,6
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	180 609,1	126,6
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	346 717,3	162,2

¹⁾ 2024 жылғы қаңтар-наурыздағы деректер²⁾ 2023 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойыншаКӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2024 ЖЫЛҒЫ
1 СӘУІРГЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРМеншік нысандары бойынша тіркелген
заңды тұлғалар

	2024 жылғы 1 сәуірдегі	бірлік
Барлығы	503	
Мемлекеттік	105	
жеке	398	
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1	
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8	
шетелдік	-	

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2024 жылдың 1 сәуірге 4469 бірлікті құрады.

2024 жылғы 1 сәуірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны		оның ішінде			
Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	ШОК заңды тұлғалары ²⁾	дара кәсіпкерлер ²⁾		Шаруа (шаруа-ферме) қожалықтары	
2024 ¹⁾	2023	2024 ¹⁾	2023	2024 ¹⁾	2023
4 469	4 792	305	280	2 828	3 291
				1 334	1 219

¹⁾ Жедел деректер.²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Жарамсыз деп танылсын

Бейсенов Рахат Лесбековичтің иелігіндегі 2020 жылы шығарылған «Lada 21214» маркалы автокөлігінің «KZ 208 ХУУ/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісінің 1 данасы жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жатқан жерің жайлы болсын анажан

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл ана, ардақты әже, аяулы жар, ауыл-аймаққа қадірлі жан болған **Жүсіпова Гаухар Елбергенқызы** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.**Асыл ана, бәйтерегің саялы,
Ұл-қызыңа, немереңе құшағын кім жаяды?!****Сіз кеткелі жылдың жүзі болса да,
Маңдайдағы алақаның аялы.****Жатқан жерің жайлы болсын анажан,
Бұл өмірдің тұрлауы жоқ, баяны, - деп, анамыз Гаухар**

Елбергенқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жежкат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 4 мамыр күні (3 мамыр – қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Ы.Алтынсарин көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Созақ ауданы Тайқоңыр елді мекені бойынша «Шиелі Жарығы» Ж.Ш.С.-нің электр энергиясын тұтынушылары назарына!

«Бірыңғай сатып алушы» тарапынан сатылатын электр энергия бағасының 01.01.2024 жылдан бастап - 16,5%-ға өсуі, ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 09.02.2024 жылғы №25-ОД бұйрығына сәйкес «KEGOC» АҚ-ның ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметі тарифінің 01.03.2024 жылдан өсуіне сәйкес, «Шиелі Жарығы» Ж.Ш.С. өз тұтынушыларына

01 мамыр 2024 жылдан бастап бөлшек сауда нарығында электр энергиясымен жабдықтау бойынша төмендегіше тарифтер енгізілетінін хабарлайды:

№	Қосымша Құн салығынсыз	кВт*сағ / теңге	
		Қосымша Құн салығымен	Құн
1.	Орташа босату (базалық) тарифі	21,09	23,6208
2.	Жеке тұрмыстық тұтынушылар үшін орташа босату тарифі	19,69	22,0528
3.	Заңды тұлғалар мен өзге шаруашылық нысандары үшін орташа босату тарифі	21,09	23,6208
4.	Жеке тұрмыстық тұтынушылардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай		
*	1- деңгей – 1 адамға 1 айға (110 кВт*сағ.дейін)	18,55	20,78
*	2- деңгей–1 адамға 1 айға (110 -170 кВт*сағ. аралығы)	23,63	26,46
*	3- деңгей–1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ.жоғары)	29,53	33,08

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

К сведению потребителей электроэнергии ТОО «Шиелі Жарығы» по населенному пункту Тайқоңыр Созакского района Туркестанской области

В связи с увеличением тарифа на покупку электрической энергии от «Единого закупщика» с 01.01.2024г. на 16,5%- и увеличения тарифа на услуги по пользованию национальной электрической сетью «KEGOC» с 01.03.2024 г. согласно приказа Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК №25-ОД от 09.02.2024г. , ТОО «Шиелі Жарығы» извещает своих потребителей о введении нижеследующих тарифов на реализацию электрической энергии на розничном рынке с 01.05.2024г.

№	Без НДС	кВт*сағ / теңге	
		с НДС	Құн
1.	Среднеотпускной (базовый) тариф	21,09	23,6208
2.	Ср/отпускной тариф для бытовых потребителей	19,69	22,0528
3.	Ср/отпускной тариф для юрид.лиц и хоз.субъектов	21,09	23,6208
4.	По объему потребления электрической энергии для бытовых потребителей		
*	1-уровень: на 1 человека до 110 кВт*ч. в месяц	18,55	20,78
*	2-уровень: на 1 человека с 110 до 170 кВт*ч. в месяц	23,63	26,46
*	3-уровень: на 1 человека свыше 171 кВт*ч.в месяц	29,53	33,08

Хабарландыру

«Ақбастау «БК» АҚ «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Буденовское кен орнында №1,3,4 учаскелер бойынша 2023-2024 жылға геотехнологиялық полигонды кеңейту құрылысы» жұмыс жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 29.05.2024ж. сағат 12.00-да Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а. о., Бақырлы ауылы, Қаратау а/о әкімі аппараты, Жиенбет батыр к-сі, 13а мекен-жайы бойынша өтеді. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін +7(777) 8908808 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Бастамашы: «Ақбастау «БК» АҚ, «Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, 67.

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Буденовское кен орны, 1, 3, 4-учаске.

Әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, Алматы қ., Навои к-сі, 74, 131 кеңсе, тел.: +7(777) 8908808.

Хабарландыру мен құжаттар ТРЖТПРБ сайтында және мына сілтеме бойынша орналастырылған: <https://ecportal.kz/>.

ЖАО, жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты - «Түркістан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» (ТРЖТПРБ) КММ, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағынауданы, 32 көше, 20 ғимарат.

Электрондық мекенжай: aidarerkebai@yandex.kzЖұртшылық қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттарға қатысты өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде [Ecoportal.kz](https://ecportal.kz) сайтына жолдай алады.

Объявление

АО «СП «Ақбастау» проводит общественные слушания по разделу «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту «Строительство расширения геотехнологического полигона на 2023-2024 годы по участкам №1,3,4 месторождения «Буденовское» в Созакском районе Туркестанской области».

Слушания состоятся 29.05.2024г. в 12.00 ч. по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский о., с.Бақырлы, аппарат акима Каратауского с/о, ул.Жиенбет батыра д.13А. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности обращаться по телефону +7(777) 8908808.

Инициатор: АО «СП «Ақбастау», Туркестанская область, Сузакский район, пос. Шолаққорған, ул.ЖибекЖолы, здание 67.

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, месторождение Буденовское, участок 1, 3, 4.

Разработчик: ТОО «KAZDesign & Development Group LTD», г. Алматы, ул. Навои, 74, офис 131, тел.: +7(777) 8908808.

Объявление и документы по намечаемой деятельности размещены на сайте УПРП-Пи по ссылке: <https://ecportal.kz/>.МИО, ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Туркестанской области» (УПРП), г.Туркестан, микрорайон ЖаңаҚала, улица 32, здание 20.Электронный адрес: aidarerkebai@yandex.kz.Общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу [Ecoportal.kz](https://ecportal.kz).

Еңбек адамына деген құрмет қашанда қай салада болмасын маңызды басымдық береді. Мамандық пен кәсіптің үлкен кішісі, абыройлы, абыройсызы болмайды. Кім өзі қалаған мамандықты терең меңгеріп, оның биігіне көтеріліп, жатса еңбек адамы үшін сол зор мәртебе. Созақ ауданына қадірі артқан, Ұлы Отан соғысының ардагері, елдің абыройы мен ынтымағына қызмет еткен, пәтуәлі сөзі, байсалды билік айта білген марқұм Нұрхожаев Тәжі ақсақалдың отбасын кім білмейді? Бүгінде сол Тәжі көкеміздің өнегелі, өрісті жолын жалғаған сол шаңырақтың иесі, аудан жұртшылығына аты мәлім Тәжіхлы Асыл ағамызды бүкіл ел таниды. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Асыл аға ауданымыздағы ветеринария саласының білгірі.

—Мен мектеп бітірген жылы мамандық таңдауда көп ойлана қойған жоқпын, өзім өмір дағдысында осы мамандықты



ветеринариялық төлқұжат жойылып, мал жайлы мәліметтер тек дерекқор базасында сақталатынын сала мамандары мәлімдеп отыр. Сонымен бірге, мамандық мәртебесін көтеру, олардың жұмысына жәрдем көрсету ауыл тұрғындарының нақтылап айтқанда жеке адамдардың жауапкершілігіне де тікелей байланысты. Себебі, қорадағы малының уақтылы егу алуы, сырғанауы, тіркелуі, ауру белгілері пайда бола бастаған сәттен ауыл, көшелерге бекітілген мал дәрігерлеріне хабарласуы керек. Мал жан амандығы ауыл, аудан, еліміздің амандығы екен анық. Осындай аса қажетті мамандық иесі Асыл ағамыздың өмірдеріне тоқталсақ: Асылхан Тәжіұлы 1961 жылы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Алдымен туған ауылындағы бастауыш мектебінің табалдырығын атап, одан Балдысу елді мекеніндегі Ж.Жабаев атындағы сегіз жылдық мектебін, 1978 жылы аудан орталығындағы

Мал дәрігер адамзатты емдейді

сырттай ұнатып жүрдім. Оның үстіне әке- шешемнің қара шаңырағында болған соң ауыл тұрғыны үшін осы мамандықтан басқа қолайлы мамандық болмады. Бір бауырым есепші, бір бауырым ұстаз дегендей мал дәрігері мамандығын игеруді түпкілікті қаладым. Оның үстіне бұл шешіміме әкем де қарсы бола қойған жоқ. Өйткені әкем талай жылдар осы мал шаруашылығы саласы бойынша ферма меңгерушісі болып еңбек еткен еді,-дейді Асыл аға.

Жануарларды емдей алатын мамандықтың қажеттілігі жануарларды қолға үйрете бастаған кезден бастап пайда болды. Қазіргі қоғамда ветеринар мамандығы әлі де қажетті мамандық. Ветеринарлар болмаса малды емдейтін ешкім болмайды. Ветеринарлар төрт түлік малдың туыптан сәтінен бастап өмір сүру кезеңдерінде оның вакцина алуы, емдеу, тіпті үй жануарларына арналған тағам қоспаларына енетін зиянды химиялық заттардың қолданылуын да бақылайды. Сонымен қатар, азық-түлік дүкендерінің сөрелеріне түсетін азық-түлік өнімдерін (сүт, ет және т.б) міндетті түрде бақылауды жүзеге асырады. Қазір барлық дерлік елді мекенде ветеринарлық кабинет бар. Әрине, ветеринарлық қызметтер мемлекеттік, жекеменшік немесе ветеринарлық емханаларға жүгіне алады. Соңғы уақытта коммерциялық құрылымдар да жиі ашыла бастады.

Иә, мал дәрігерлік қызмет саласы салғырттықты көтермейді. Бұл бағыттағы іс-қимыл, атқарылған шаралардың барлығы бірінші кезекте азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етпек. Атағы әлемге танылған, заманында Шымкент пен Әулие атада мал дәрігерлік қызметін атқарған, Социалистік Еңбек Ері, академик К.Скрябиннің "Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді" деген қанатты сөзі бар. Жалпы ветеринария-мал шаруашылығының ең беделді саласы. Себебі, ветеринария дұрыс жолға қойылса, мал ауруға ұшырамайды. Ал сау

малдың етін жеп, сүтін ішкен адам аурудан алыс болады. Өкінішке қарай, біздің бүгінгі қоғамда мал дәрігерлерінің беделі төмен. Бұл мамандықтың мән-маңызын түсініп жатқандар аз. Неге? Мәселеге көз жүгіртіп көрейік.

—Біздің мекемеде білікті ветеринар мамандар жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары, арнаулы орта білімді мамандар да бар. Солардың қатарында Мадияр Раймов С.Байменов, Ф.Әбдіқадыров, А.Сенгірбеков, А.Орынов сияқты мамандардың болашағын зор үміт күтеміз. Ауданда жыл сайын жануарлардың аса қауіпті аурулардың профилактикасы бағытында ветеринарлық іс-шаралардың жоспары бекітіліп отырады. Осы жоспарға сәйкес 13 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы алдын алу, егу жұмыстары мемлекет тарапынан тегін жүргізіледі. Жануарлардың жұқпалы емес және инвазиялық ауруларына ветеринария туралы Заңның 13 бабына сәйкес ақылы түрде қызмет көрсетіледі. Ауданда аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарының дер кезінде жүргізілуі нәтижесінде қазіргі таңда ауданның эпизоотиялық жағдайы тұрақты. Еш қандай аса қауіпті жұқпалы ауру тіркелген жоқ. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша аса қауіпті жұқпалы 12 түрлі және энзоотиялық 6 түрлі ауруларға қарсы алдын ала егу жұмыстары жыл бойына жоспарға сәйкес тегін жүргізіледі. Ол үшін тұрғындар малына сырға салдырып, ветеринариялық төлқұжат жасату керек. Сонымен қатар алдағы уақытта жұқпалы емес ауруларды емдеу үшін және ине шаншу жұмыстарына ақылы қызмет көрсетілетін болады. Бұл 12 ауру түріне аусыл, леп-тоспираз, пастереллез, сибір жарасы, нодулярлы дерматит, қарасан, оба, туберкулез, күл, энтеротоксемия, құтыру, эхинококкоз жатады. Ал энзоотиялық аурулардың тобында: пироплазмоз, тейлерияоз, фасциолёз, гастрофилёз, сақау, трипаносомоз бар. Вакцина бізде есепте тіркелмеген,

мал басына ғана тегін екенін халық ескеруі керек,-дейді білікті маман Асыл Тәжі.

Мал дәрігері маманы қызметінің тағы бір қыры- ол қауіп-қатермен де жиі бетпе-бет келеді. Жылдың қай мезгілінде болмасын, белгілі бір ауруға шалдыққан төрт түлікті алдымен мал дәрігері тексеріп, ем-дом шараларын атқарады. Кей жағдайларда ауру түрін анықтау үшін малдың өлекесімен жұмыс істеуге тура келеді. Сибір жарасы, туберкулез, бруцеллез, аусыл, қарасан, індетті лимфангоит, қатерлі ісік, сап, құтырақ сияқты сан түрлі жұқпалы аурулармен жалғыз күресуге мәжбүр. Аталған ауру түрлерінің адам денсаулығы үшін қаншалықты қауіпті екенін айтпаса да түнісікті. Егу жұмыстарын жүргізгенде де табындағы малдың бәрі бірдей жуас емес. Әсіресе, бас білмейтін жылқы малы, ірі қара малдарының оқыс қимылынан мал дәрігерінің жарақат алып қалу жағдайлары да аз кездеспейді.

Әрбір жеке заңды тұлға «Ветеринария туралы» Заңның 25-бабына сай Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді (сырғалатуды, таңбалатуды) қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығы жануарларын сату, сою, өзге адамға сыйлау, мал егесінің мекен-жайы өзгерген жағдайларда компьютерлік дерек қоры мен малдың ветеринариялық паспортына өзгерістер толықтырылады. Жануарларды тасымалдау, мал базарына алып бару, орнын ауыстыру жағдайында міндетті түрде ветеринариялық анықтамалар «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» бағдарламасы бойынша компьютерден шығарылады. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 85-бабына сәйкес, көрсетілетін қызмет беруші белгіленген жұмыс уақыты кестесіне сай өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеді. Сонымен қатар, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында келесі жылдан бастап қағаз түріндегі

Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепті бітіреді. Мектеп бітірген жылы өз қатарластары қатарлы Кеңес әскері қатарында екі жылдық азаматтық борышын өтейді. Әскерден аман сау оралған соң көп ойланып жатпай құжаттар жинақтап Сарыағаш ауданындағы аты әлемге танмал оқу орны Қапқанбек мал дәрігерлік зооветерианларлық техникумына барып сәті түсіп оқуға түсіп кетеді. Ауылда төрт түліктің ортасында өскен Асылдай зерек бала үшін бұл да өмір сынағы еді. Текникум қабырғасында жүргенде түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Жалпы жоғары оқу орындарын бітірген мамандардан гөрі сол уақытта техникум бітірген қарлардың білігі жоғары болатын. Өйткені олар әрбір малмен бетпе бет, қоян қолтық күнделікті тәжірибе ретінде қолымен ұстап жүргендіктен кәсіби біліктілігі арта беретін. 1984 жылдан бері мал дәрігері болып, қызмет етсе, қазіргі таңда Шолақорған ауылдық округі бойынша ветеринарлық бекеттің меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқаруда.

Асекең асқаралы алпыстың асқарына шығып, бүгінде зейнеткерлік шаққа бет бұрып, ақсақалдық жасқа келіп отыр.

Қоғамдық өмірде де Созақ аудандық «Ауыл» партиясының төрағасы болды. Қызмет барысында Асыл Тәжіұлының талай жылдардағы ерен еңбегі ескеріліп, 2016 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалмен, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың, Түркістан облысының әкімі Д.Сатыбалдының «Облыстың үздік мал дәрігері» аталымымен екі рет марапатталды. Отбасында өмірлік жан жары, отбасының берекесі, Тәжі ақсақалдың өмірден өткенінше айналасына ағайынға «Өнегелі келін» атанған Естаева Шолпанмен бірге екі ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде өздері ата-әже атанып жеті немеренің қызықшылығына бөленуде.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

**Директордың уақытша
міндетін атқарушы:**
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржамал МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.